

«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Мәртөк ауданының білім бөлімі» ММ



Вариативтік бағдарлама «Ертегілер елінде»

(жүзеге асыру мерзімі 2024-2027жж.)
Көбелек ересек тобы (4 жастан бастап)

Әзірлеуші: Г.Ш.Ширжанова

Құрастырған: Н.Р. Жунусова Г.Ш. Ширжанова

ЖШС «Аслан-Али» «Еркемай» балабақшасы мектепке дейінгі ұйымының педагогикалық кеңесі отырысында «Ертегілер елінде» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1

« 29 » тамыз 2024ж

ЖШС «Аслан-Али» «Еркемай» балабақшасының меңгерушісі Н.Р.Жунусова

Аудандық сараптау комиссиясының отырысында «Ертегілер елінде» бағдарламасы талқыланды.



« 02 » 09 2024ж

Мәртөк ауданының білім бөлімінің сараптама төрайымы С.Х. Балмағамбетова

ПІКІР

Балалар күні бойы балабақшада болатындығын ескере отырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында бұл бағдарлама құрастырылып шығарылған.

Балалар әртүрлі театрларды өте жақсы көреді, қуанады, күтеді, асығады. Халқымыздың қанатты сөздерінің жәрдемімен баланың ақыл-ойы, рухани жан дүниесін байытуға тәрбиешілердің де қоса үлесі өте көп.

Бағдарлама балалардың коммуникативтік – тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Балалардың әртістік қабілеттерін, икемділіктерін, театр өнеріндегі әр түрлі рольдерді ойнай білу машықтарын қалыптастыру. Ертегілермен танысу, оны талдау, сахна театрлар арқылы балалардың ойлау, сөйлеу аймағын кеңейту, шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуына мүмкіндік жасайды.

Театр – бұл сиқырлы әлем, бала ойнай отырып қоршаған ортаны таниды. Театрлық ойын шығармашылығы балалардың бір-біріне мәдени қарым-қатынастарын нығайтады, әр түрлі жанрмен, кейіпкерлермен таныстырады, ұлттық дәстүрде дамытады. Қазақ және басқа да халықтардың ертегілері мен әдеби шығармаларының мазмұны арқылы адамдардың жеке қасиеттерін, жан-жануарлардың және құстардың қылықтарының ерекшеліктерін бағалауға, сахналауға үйренеді. Жағымды, жағымсыз әрекетерді ажырата білуге үйреніп өзі жаман әдеттен аулақ болуға тырысады. Жағымды кейіпкерлердің бейнелерін бойларына сіңіруге тырысады, яғни еліктейді.

Бағдарлама ұйымдастырылған ойын әрекеті арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар бұл бағдарлама – мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылығын қабілеттерін дамыта отырып, болашақ кішкентай бүлдіршіндерді тілге шешен, өзін де, өзгені де сыйлай білетін, жан-жақты мәдениетті, білікті етіп тәрбиелеуде балаларға арналған көркем шығармаларды сахналық қойылымға айналдырып, өздерінің кейіпкер ретінде қалыптастырып отырудың маңызы зор.

Пікір беруші: Мәртөк ауданының білім бөлімінің әдіскері  М.А.Шауменова

Түсінік хат

Бала бақшадағы күн тәртібіне байланысты және балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында театрланған ойын шығармашылық бағдарламасы жасалып отыр. Бұл бағдарлама арқылы балалардың ертегілерге деген қызығушылықтары пайда болады. Кез-келген бала қуыршақ театрын көргенде өте қатты қуанады, күтеді. Сондықтан да, кез-келген тәрбиені балабақшадағы баланың өмірін қызықты, көңілді өткізуіне, шығармашылық қуанышты сезіне білуін қамтамасыз етуге тырысады.

Театрланған ойын- шығармашылығын дамыту бағдарламасы арқылы «Саусақ» театры», қуыршақ театры, стол үсті театры, көлеңкелі театры және де рөлдік қойылымдарды меңгереді.

Театрланған қойылымдар арқылы балалар өздеріне ұнаған кейіпкерлерді ажыратып бағалай біледі және өз ойларын еркін жеткізуге дағдыланады.

«Театрлық ойын-шығармашылығын дамыту» бағдарламасы «Көбелек» ересек тобының вариативтік бөлімінде аптасына 1 сағат жүзеге асырылып, коммуникативтік дағдыларды дамыту білім беру саласына кіріктіріледі. Бағдарлама 36 сағатқа есептелген, аптасына 1 сағатқа негізделіп, ұзақтығы 15-20 мин көлемінде берілген.

Бағдарлама балалардың театрлық мәдениеттілік, шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуын, драмалау, сахналау бағдарлама мазмұнындағы театрлық ойындар баланың түсінуіне ыңғайлы етіп жинақталған. Бағдарлама көптеген ұжымдық істерді шешуді, әдеп және эстетикалық театрлық -ойын шығармашылығын дамыту барысында эстетикалық талғаммен қарым- қатынасын, жалпы іске қатысуын, жауапкершілігін қалыптастырады.

Театрлық-ойын шығармашылығы балаларды бір-бірімен жақындастырады және халықтық әдебиеттегі әртүрлі жанрмен таныстырады. Сондай-ақ мәдени тіл қарым-қатынасына тәрбиелейді, шығармашылығын дамытады, әдеп және мәдениет негізін қалайды.

Кейіпкерлердің мінез-құлықтарын, бейнесін келтіруді, қимыл-қозғалыс қажеттігін нанымды қолдануға талпындырады. Өз беттерінше ертегілердегі кейіпкерлердің жағымды, жағымсыз қылықтарын бағалап, өз ойларын еркін жеткізуге дағдыланады.

Бағдарлама бойынша жүргізілген жұмыстар мен балалардың алған білімдері сарапталып, жыл соңында қортындыланады.

Бағдарламаның негізгі мақсаты:

Коммуникативтік дағдыларды дамыту –тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Балаларды театр түрлерімен, халық ауыз әдебиетіндегі кейіпкерлермен таныстыру.

Мектеп жасына дейінгі балаларға сапалы білім беру, қабілеттерін жетілдіру арқылы жан-жақты тұлға етіп тәрбиелеу.

Диалог түрінде сөйлеу, ымдау, есте сақтау қабілеттерін, шығармашылығын дамыту болып табылады.

Күтілетін нәтиже

Театрлық ойын шығармашылығын дамыту бағдарламасы арқылы балаларға адамгершілік, рухани тәрбие беріледі.

Білімдері толықтырылып, жыл соңында театр түрлерімен толық танысады, жауапкершіліктері қалыптасады

Міндеті:

Дамытушылық: Театрланған ойын-шығармашылығын дамыту» бағдарламасы бойынша танымдық ойлау қабілеттері мен сөздік қорларын дамыту.

Тәрбиелік: Бағдарламада қамтылған тақырыптарға жекке тоқталып, балаларды адамгершілікке, қайырымдылыққа, мейірімділікке, батылдыққа тәрбиелеу. Кейіпкерлердің жағымды жақтарын үлгі ете отырып сыпайылыққа баулу.

Білімділік: Бұл бағдарламаның білімділік міндеті -саналылыққа, білімділікке баулу.

«Ертегілер елінде»

	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	Мақта қыз бен мысық	Балаларға ертегіні толық әңгімелен беру. Ертегі кейіпкерлерінің атын атай білуге және рольдерді орындауға баулу.	2
2	Шалқан ертегісі	Ертегіні жейін қойып тыңдауға үйреті отырып қызығушылықтарын арттыру. Ұйымшылдыққа бағыл тәрбиелеу.	2
3	Арыстан мен түлкі	Ертегі мазмұнын түсіндіру. Саусак театры менсерту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	1
4	Бауырсақ	Бауырсақ ертегісі туралы балаларға айтып беру. Ор кейіпкерге жеке тоқталып, жағымды-жағымс ажырата білуге үйрету. Ертегіден алған әсерлерін әңгімелеу.	2
5	Арыстан мен тышқан	Ертегі кейіпкерлерінің басқаларға жасаған қамқоршылығын көрсету арқылы балаға әсер қалдыру. Бала бойындағы жақсы қасиеттерді жетілдіру.	1
6	Қызыл телпек	Шығарма кейіпкерлерінің әрекеттері мен қарым-қатынасын талқылауға үйрету; бала бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту арқылы қайырымдылыққа тәрбиелеу.	2
7	Дастар мен қасқыр	Балалардың ертегіні тыңдай отырып мазмұнын түсі комектесу. Ертегіге байланысты сөздік қорларын молайту, ролге бөліп ойнату.	1
8	Түлкі мен тырна	Ертегі мазмұнын дұрыс баяндауға, әдептілікке тәрбиелеу. Түлкі мен тырна арасындағы қонақжайлы саусак театры арқылы көрсету.	1
9	Шұбар тауық	Ертегі желісімен таныстыру. Тауықтың адам өміріне пайдасы туралы әңгімелен беру. Атрибуттар арқылы қойылым жасау.	2
10	Үш жалқау	Балаларға ертегі мазмұны туралы айтып беру. Үш жалқаудың іс-әрекеттерін қайталамауға, адалдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу.	2
11	Алтын жұмыртқа	Ертегідегі тауық , ата – әже, тышқан және жұмыртқа туралы әңгімелеу. Тауықтың мейірімділігіне тоқта	2
12	Қайырымды қоян	Балаларға ертегіні тыңдатып, қайырымды болуға тәрбиелеу.	1
13	Хан мен құмырсқа	Ертегіні толық менсертіп, балаларға құмырсқа ның еңбекқорлығын айтып беру.	1
14	Қасқыр мен кірпі	Қасқыр мен кірпі ертегісін саусак театры арқылы балаларға көрсету.	1
15	Сәулелгі үйшік	Балаларға ертегіні толық айтып беру. Ертегі кейіпкерлерімен таныстыру. Рольдерге бөліп , өздеріне театрланған қойылым жасау.	2

	Үш аю	Балаларды дала жануарларының бірі аюмен толық таныстыру. Үш аю ертегісінің мазмұнын түсіндіріп, етол үеті таптырып қойдыру.	1
17	Ат пен есек	Қазақ ертегісімен таныстыру. Ат пен есек үй жануары екенін және олардың адам өмірінде атқаратын ролын түсіндіру.	2
18	Ай мен күн.	Балаларға ай, күн, жұлдыз туралы әңгімелеп беру. Олардың атқаратын рольдеріне мән беру.	1
19	Түлкі мен қораз	Түлкі мен қораз арасындағы байланыс және түлкінің қулық жасайтын тұстарына тоқталу.	1
20	Жыл басына таласқан жануарлар	Балаларға жыл басына таласқан жануарларды таныстыру. Қазақша жыл атауларын түсіндіріу. Әр қайсына жеке тоқталып, өздеріне қойылым жасау.	3
21	«Түлкі мен қояндар» ертегісі	Ертегіні атау: «Түлкі мен қоян» ертегісі. - Ұзын құлақ сұр қоян қашып келіп, бұта түбіне бұғып отырғанда, артынан бір қу түлкі ізіне түсіп, жортып келе жатыр екен. Қоянның екі құлағынан бас салып ұстап алды. Қоян түлкіні сол кезде алдап жіберіп, құтылып кетеді. - Бұл ертегіде қоян аңқау болса да, құлақ жасап, өз өмірін сақтап қалды. Ал түлкі керсінше, қоянға алданып қалды.	2
22	Мысық пен тышқан	Мысық пен тышқанның қарым-қатынасына тоқталып, ертегінің идеясын ашу.	1
23	Ертегі кейіпкерлері қонақта	Ертегі кейіпкерлерін қонаққа шақыру. Әр кейіпкерлер рольдеріне жеке тоқталып өту.	2

Қорытынды:

«Театрланған ойын-шығармашылығы» бағдарламасы бойынша жыл бойы жүргізілген жұмыстарды қортындылау. Балалар белгілі бір ертегіні суреттерден танып, мазмұнын қысқаша жеткізеді.

Сөздік қорлары молайып, ертегідегі кейіпкерлерді ажыратады. Ертегіні тыңдау және түсіну, әңгімеге қосылу, сұрақтарға жауап беру және сұрау қабілеттерін дамытады. Жүргізілген жұмыстар мен алған білімдері сарапталады.